

**ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(«А», «Б» «В» «Г», «Жедел жәрдем», «ЧЕМПИОН», «ҚОРҒАУ», «СЕНІМ»)**

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру Ережелерінің («А», «Б», «В», «Г», «Жедел жәрдем», «ЧЕМПИОН», «ҚОРҒАУ», «СЕНІМ») (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) негізінде «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) азаматтармен және заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру («А», «Б», «В», «Г», «Жедел жәрдем», «ЧЕМПИОН», «ҚОРҒАУ», «СЕНІМ») шартын (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру шарты/полис) құрды.

1.2. Жазатайым оқиғадан сақтандыру жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған, еңбек қабілеттілігінен (жалпы немесе кәсіптік) айырылған (толық немесе жартылай) немесе өзге де денсаулыққа зиян келтірілген жағдайларда Сақтандырылушы шығындарын тіркелген сомада және (немесе) жартылай немесе толық өтемақы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

1.3. Жазатайым оқиғадан сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының өзі де, басқа көрсетілген тұлға да (әрі қарай мәтін бойынша Сақтандырылушы) сақтандырылған болуы мүмкін.

2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтандыру объектісі жазатайым оқиғалар нәтижесінде Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

2.2. Сақтандыру шарты бойынша бірнеше Сақтандырылушы сақтандырылған болуы мүмкін.

2.3. Сақтандыру шарты бойынша топтық дербес немесе иесіздендірілген сақтандыруға жол беріледі.

Топтық дербес сақтандыру АЖӘ және ЖСН көрсетілген Сақтандырылушылардың тізімін сақтандыруды білдіреді.

Топтық иесіздендірілген сақтандыру – сәйкестендіру деректерін көрсетпей Сақтандырылушылардың тізімін сақтандыруды білдіреді.

2.4. «А», «Б», «В», «Г», «Жедел жәрдем», «ЧЕМПИОН», «ҚОРҒАУ» бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты немесе уақытша тұратын жеке тұлғалар (ҚР азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар) Сақтандырылушы (-лар) бола алады.

«СЕНІМ» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасында уақытша тұратын жеке тұлғалар (шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар) Сақтандырылушы (-лар) бола алады.

2.5. Бір жастан 70 жасқа дейінгі тұлғалар Сақтандырылушылар бола алады.

70 жастан асқан азаматтарды және бір жасқа дейінгі балаларды сақтандыру андеррайтинг қорытындысы негізінде жүргізіледі.

2.6. Пайда алушы – сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Заңды тұлға да, азамат та Пайда алушы бола алады.

М.Н.Юрас Ю.А. Миндубаев С.Ю.Силищева И.В.Югай М. Ж.Жунусов Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

3.1. Жазатайым оқиға деп Сақтанушының (Сақтандырылушының) еркінен тыс басталған сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіруге, жарақаттануға не өлімге әкеп соққан кенеттен, күтпеген, қысқа мерзімді жағдай (оқиға) түсініледі.

3.2. Полисте көрсетілген сақтандыру бағдарламасын таңдауына байланысты Сақтандырылушымен жазатайым оқиға нәтижесінде болған оқиғалар сақтандыру жағдайлары деп танылады, атап айтқанда:

Сақтандыру бағдарламалары:				
«А», «Б», «В», «Г»	«Жедел жәрдем»	«ЧЕМПИОН»	«ҚОРҒАУ»	«СЕНІМ»
қайтыс болу	қайтыс болу	қайтыс болу	қайтыс болу	қайтыс болу
еңбекқабілеттілігі тұрақты жоғалту (мүгедектіктің бірінші, екінші, үшінші топтары)	еңбекқабілеттілігі тұрақты жоғалту (мүгедектіктің бірінші, екінші, үшінші топтары)	еңбекқабілеттілігі тұрақты жоғалту (мүгедектіктің бірінші, екінші, үшінші топтары)	еңбекқабілеттілігі тұрақты жоғалту (мүгедектіктің бірінші, екінші, үшінші топтары)	еңбекқабілеттілігін тұрақты жоғалту (мүгедектіктің бірінші, екінші, үшінші топтары)
еңбекқабілеттілігі уақытша жоғалту		еңбекқабілеттілігі уақытша жоғалту	еңбекқабілеттілігі уақытша жоғалту	үшінші топтары)

3.3. Тараптардың келісімі бойынша тәуекелдердің өзге де тізбесі анықталуы мүмкін.

4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

4.1. Сақтандыру жағдайларынан айрықша болып табылады:

4.1.1. кәсіптік аурулар, жазатайым оқиғалар салдарынан болатын аурулар және сақтандыру шартын құрғанға дейін орын алған оқиғалар;

4.1.2. АИТВ, онкологиялық аурулар;

4.1.3. соқырішек, созылмалы ішек аурулары, Сақтандырылушының этанолмен, құрамында алкоголь бар сусындармен, күшті әсер ететін (есірткі) препараттармен, мас болу мақсатында қабылданған уытты заттармен улануы, сондай-ақ тамақ өнімдерімен және белгісіз (белгіленбеген) затпен улануы;

4.1.4. жүйке жүйесі аурулары;

4.1.5. пластикалық оталар, косметологиялық емдеу және сыртқы келбеттің немесе дене ауытқуларының кемшіліктерін жоюға байланысты басқа емдеу түрлері;

4.1.6. тері ауруы (ақтаңдақ, диатез және т.б.);

4.1.7. қантамырлар жүйесінің ауруы (варикоз, трофикалық жара, қан ұю және т.б.);

4.1.8. офтальмологиялық аурулар (глаукома, бельмо, катаракта, зағиптық);

4.1.9. вирусты және зең аурулары;

4.1.10. жүрек-қан тамырларының аурулары;

4.1.11. кәсіптік немесе жалпы созылмалы аурулардан туындаған денсаулыққа зиян;

4.1.12. жазатайым оқиғаға байланысты емес кез келген аурулар немесе жұқпалар;

4.1.13. Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болған кезде, оның ішінде оның кез келген көлік құралын басқаруына байланысты, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осындай күйдегі және/немесе жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға көлік құралын басқаруға берген кезде болған жазатайым оқиғалар;

4.1.14. Сақтанушының (Сақтандырылушының) заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар немесе қылмыстар деп танылған әрекеттерді жасауы нәтижесінде болған жазатайым оқиғалар;

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Әзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

4.1.15. Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзіне қасақана дене жарақатын салуының немесе Пайда алушының оған қатысты сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған және әкеп соққан қасақана әрекеттер жасауының нәтижесінде болған жазатайым оқиғалар, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті (сот шешімімен расталуға тиіс өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізбеуді қоспағанда);

4.1.16. Сақтандырылушының жазатайым оқиға нәтижесінен алған дене жарақаттарын тікелей емдеуге бағытталған операциялық араласуды қоспағанда, кез келген дәрігерлік араласу.

4.2. Сақтандыру қорғауымен жабылмайды:

4.2.1. сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығындары (ксерокөшірмелерге, нотариалдық куәландыруға, сараптамаға, қорғаушының, өкілдің, аудармашының және т.б. қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығындар);

4.2.2. Сақтанушының моральдық зияны және жіберілген пайдасы.

4.3. Сақтандыру шарты төмендегілерге қатысты жасалмайды:

4.3.1. психикасының бұзылуы, спирт ішімдіктеріне немесе есірткі құралдарына салынуы салдарынан әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған тұлғалар;

4.3.2. бірінші топтағы мүгедектер болып табылатын немесе «мүгедек – бала» санаты тағайындалған тұлғалар;

4.3.3. хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлғалар;

4.3.4. ауыр тұрақты немесе жиі асқынатын ауырсыну белгілері бар созылмалы және ұзаққа созылған психиканың бұзылуы себебі бойынша диспансерлік бақылаудағы, сондай-ақ психиатриялық стационардағы тұлғалар;

4.3.5. сақтандыру шартын құру кезінде бұл шаралар өзгертілген немесе олардың қолданылуы тоқтатылған болса да, өздеріне қатысты қылмыс жасауына байланысты сот мәжбүрлеп емдеу шараларын тағайындаған тұлғалар;

4.3.6. бас бостандығын шектеу, қамаққа алу, тәртіптік әскери бөлімде, бас бостандығынан айыру орындарында ұстау түріндегі қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ өлім жазасына кесілген тұлғалар.

5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы ақшалай сома болып табылады, оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.2. Сақтандыру сомалары тараптардың келісімімен белгіленеді және мынадай ең төменгі және ең жоғарғы шектерге ие болады:

	Сақтандыру бағдарламалары:				
	«А», «Б», «В», «Г»	«Жедел жәрдем»	«ЧЕМПИОН»	«ҚОРҒАУ»	«СЕНІМ»
Ең төменгі сақтандыру сомасы	20 000	300 000	50 000	50 000	50 000
Ең жоғарғы сақтандыру сомасы	Тараптардың келісімі бойынша	*1 000 000	*100 000	*210 000	*50 000

***өзге шектеулер тараптардың келісімімен белгіленуі мүмкін**

6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру шарты келесі тәсілдердің бірімен құрылады:

- Сақтанушыны осы Ережеге қосу және сақтандыру полисін Сақтандырушының қағаз бланкісінде (әрі қарай – оферта) рәсімдеу жолымен;

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

- жазбаша нысанда сақтандыру шартына қол қою жолымен.

6.2. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде құрылады.

Сақтанушының өтінішін алғаннан кейін Сақтандырушы тәуекел дәрежесін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

6.3. Сақтанушының өтінішін және болжамды тәуекелді бағалауды алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының есебін жүргізеді.

6.4. Жеке тұлға үшін сақтандыру шартын рәсімдеу сақтандыру сыйақысын қолма-қол немесе қолма-қол емес төлеммен толық төленгеннен кейін жүзеге асырылады .

6.5. Заңды тұлға үшін сақтандыру шартын рәсімдеу кезінде сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу, төлеу мерзімін кейінге қалдыру және сақтандыру сыйақысын бір жолғы төлеу қарастырылуы мүмкін.

6.6. Сақтандыру шарты оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді (оферта жағдайында полисті рәсімдеген сәттен бастап).

7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

7.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, орны және уақыты тараптардың келісімімен анықталады.

7.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтанушы құқылы:

8.1.1. сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

8.1.2. Пайда алушыны тағайындауға;

8.1.3. Ереженің 16-бөлімінде көрсетілген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен сақтандыру шартының (офертаны қоспағанда) талаптарын өзгертуге;

8.1.4. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

8.1.5. сақтандыру шартын/полисті жоғалтып алған жағдайда көшірмесін алуға;

8.1.6. «Жедел жәрдем» бағдарламасы бойынша сақтандыру шарты бойынша аралық сақтандыру төлемін алуға.

8.2. Сақтанушы міндетті:

8.2.1. сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы, оның ішінде оның артуына әсер ететін жағдайлардың туындауы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

8.2.2. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;

8.2.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде 12 (он екі) сағат ішінде медициналық мекемеге жүгінуге;

8.2.4. 3 (үш) тәуліктен кешіктірмейтін мерзімде (демалыс және мерекелік күндерді есептемегенде) бұл туралы жазатайым оқиғаның орнын, уақытын және барлық мән-жайларды көрсете отырып, Сақтандырушыға хабарлауға;

8.2.5. емделу аяқталған сәттен 15 күнтізбелік күн ішінде сақтандыру жағдайының дерегін растайтын құжаттарды Сақтандырушыға беруге;

8.2.6. егер заңнамада қарастырылған талап қою мерзімдері ішінде Сақтанушыны/Пайда алушыны сақтандыру төлемі құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемдерін (немесе тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға.

8.3. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін барлық қолда бар ақпараттарды беруге.

9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж.

Әзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ж.

- 9.1.1. сақтандыру жағдайын растайтын Сақтанушы ұсынған құжаттардың дұрыстығын тексеруге;
- 9.1.2. сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға;
- 9.1.3. қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының дерегін, себебі мен салдарын растайтын құжаттар мен ақпаратты беру туралы тиісті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 9.1.4. сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы):
- 9.1.4.1. сақтандыру шартын құру сәтінде Сақтандырылушының денсаулығы туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа;
- 9.1.4.2. жазатайым оқиға туралы уақтылы хабарламаса, бұл оқиғаның нақты себептерін анықтаудың мүмкін еместігіне әкеледі;
- 9.1.4.3. мүмкіндігі қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен болған, бірақ жазатайым оқиғаның себептерін, сипатын және оның басталған нәтижемен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сақтандыру шартында белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелер ұсынса;
- 9.1.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру шарттарында көзделген негіздер бойынша;
- 9.1.5. Ереженің 13-бөліміндегі тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 9.1.6. сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге сәйкес қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап ету;
- 9.1.7. жазатайым оқиғаны зерттейтін комиссия құрамына Сақтандырушының өкілін қосу;
- 9.1.8. сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы/Сақтандырылушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшерін азайту.
- 9.1.9. егер талап қоюдың заңнамада көзделген мерзімдері ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемі құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушыдан жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін (немесе олардың тиісті бөлігін) қайтаруды талап ету;

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 9.2.1. сақтандыру жағдайы басталған кезде Ереженің 12-бөлігінде көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 9.2.2. Сақтанушыны Ережелермен таныстыру және оның талабы бойынша олардың көшірмесін беруге (жіберуге);
- 9.2.3. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 9.2.4. сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге.
- 9.3. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының Зандарына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ

- 10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) 12 (он екі) сағат ішінде медициналық мекемеге жүгінуге және үш тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде (демалыс және мереке күндерін есептемегенде) бұл туралы Сақтандырушыға хабарлау дерегін объективті түрде тіркеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен сақтандыру жағдайының орнын, уақытын және барлық мән-жайларын көрсете отырып хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (72 сағат ішінде) жазбаша расталуға тиіс.
- 10.2. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының өлімі болып табылса, онда Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламасының мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін ұзартылады.
- 10.3. Сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды емдеу аяқталғаннан кейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберуге тиіс.

М.Н.Юрас Ю.А. Миндубаев С.Ю.Силищева И.В.Югай М. Ж.Жунусов Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Әзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

10.4. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, оның міндеттері Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының өлімі болып табылса, онда Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы хабарлау міндеті Сақтанушыға, ал егер ол бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылса, онда Пайда алушыға жүктеледі.

10.5. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ олардың келтірілген шығындары дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру төлемін жүргізу туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

- сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- сақтандыру шарты/полис;
- жарақат болған кезде медициналық құжаттар:
 - а) анықтама (№ 027 форма), кәмелеттік жасқа толмағандар үшін – емдеу мекемесінің мөртаңбасымен, емдеуші дәрігердің жеке мөрімен және емдеу мекемесінің дөңгелек мөрімен расталған балалар емханасынан анықтама;
 - б) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе оны алмастыратын өзге де құжат;
 - в) ілеспе құжаттар (рентген кескіндері, сараптама актілері, комиссия қорытындылары);
 - г) мүгедектік тобын белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама бюросының не кәсіптік жарамдылығының елеулі төмендеуін (жоғалуын) белгілеген және біліктілігі төмен жұмысқа ауысуға не Сақтандырылушыны кәсібі бойынша жұмысты орындаудан толық шеттетуге әкеп соққан медициналық комиссияның қорытындысы;
- Н-1 нысаны бойынша өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт (өндірісте жарақат алған жағдайда);
- уәкілетті органдардың сақтандыру жағдайының дерегін, өмірге/денсаулыққа келтірілген зиян дәрежесін және сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаларды анықтау үшін қажетті шешімдері мен қаулылары;
- туу туралы куәліктің көшірмесі (кәмелеттік жасқа толмағандар үшін);
- Сақтандырылушының, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- сақтандыру жағдайының басталу дерегін, алған жарақат сипатын және келтірілген зиян дәрежесін (мөлшерін) растайтын өзге де құжаттар.

Қайтыс болған жағдайда қосымша:

- Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәлік (нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- сот-медициналық сараптаманың акт-қорытындысы;
- сақтандыру шартында тікелей айқындалған Пайда алушы болмаған жағдайда – ҚР заңнамасына сәйкес мұрагерлік құқығына кіруді куәландыратын құжаттар, мұрагердің жеке басын куәландыратын құжат;

11.2. Егер сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға қосымша ақпарат қажет болса, ол өзге құжаттарды сұратуға құқылы.

11.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті барлық құжаттарды Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілдері ұсынбаған жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтінішті алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттары туралы хабарлауға міндетті.

12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

12.1. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде төленетін ақша сомасы.

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

12.2. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайларына байланысты бұрын төленген сомалар шегеріле отырып жүргізіледі (әрбір нақты Сақтандырылушыға қатысты). Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру шартында анықталған сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылады.

12.3. Сақтандыру шартында таңдалған бағдарламаға байланысты сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының %-да мынадай мөлшерлерде анықталады:

Сақтандыру жағдайлары		Сақтандыру бағдарламалары							
		«А», «Б», «В», «Г»				«Жедел жәрдем»	«ЧЕМПИОН»	«ҚОРҒАУ»	«СЕНІМ»
Қайтыс болу		100%				100%	100%	100%	100%
Еңбек қабілеттілігін тұрақты жоғалту	Бірінші топтағы мүгедектік	80%				80%	80%	80%	80%
	Екінші топтағы мүгедектік	65%				65%	65%	65%	65%
	Үшінші топтағы мүгедектік	50%				50%	50%	50%	50%
Уақытша еңбекке қабілетсіздік		А	Б	В	Г	Егер сақтандыру шарттарында көзделсе, 0,15%	0,2%	0,5%	Сақтандырумен өтелмейді
		0,2%	0,3%	0,4%	0,5%				
		Әрбір емделу күніне сақтандыру сомасынан (көгерулер, сынулар бойынша – емдеудің 5-ші күнінен бастап), бірақ артық емес							
		Сақтандыру сомасынан 30%	Сақтандыру сомасынан 35%	Сақтандыру сомасынан 40%	Сақтандыру сомасынан 45%	60 күн	Сақтандыру сомасынан 35%	Сақтандыру сомасынан 45%	

12.4. Пайда алушының жазбаша өтініші бойынша Сақтандырылушының денсаулығына ауыр зиян келтірілген кезде (оның ішінде сынықтар, үсіктер, күйіктер, атыс және пышақ жарақаттары) "Жедел жәрдем" сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы алғашқы еңбекке жарамсыздық парағын және/немесе жазып беру эпикризін (№27 нысан), сондай-ақ рентген кескінін ұсынған сәттен бастап 5 күн ішінде сақтандыру төлемінің болжамды мөлшерінің 50% мөлшерінде (есептеу кезінде емдеудің орташа мерзімдері қолданылады) аралық сақтандыру төлемін жүргізеді. Емдеу аяқталғаннан кейін және емдеудің соңғы мерзімдері бар медициналық құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырушы 15 күн ішінде сақтандыру төлемінің қалған бөлігін түпкілікті есептеуді жүзеге асырады.

12.5. Сақтандырушы тәуелсіз сарапшы дәрігердің емдеу мерзімін негізсіз ұлғайту/белгілеу, аурудың, жарақаттың диагнозы және т. б. туралы қорытындысы болған кезде және/немесе емдеу мерзімдерінің ұлғаюына, алған жарақатты емдеудің қиындауына және т. б. әкеп

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Әзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.

соқтыруы мүмкін ауруханалық режимнің бұзылуы туралы мәліметтер болған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін біржақты тәртіппен азайтуға құқылы.

12.6. Сақтандыру төлемін жүргізу туралы шешімді Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 банктік күн ішінде қабылдайды.

12.7. Егер сақтандыру жағдайының дерегі бойынша уәкілетті органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараса, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша нысанда қылмыстық іс қозғау туралы немесе қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының немесе сот үкімінің көшірмесін беру туралы сұрау салуды сұратуға немесе уәкілетті органдарға жіберуге құқылы. Егер сақтандыру жағдайының дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу туралы шешімді барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 банктік күн ішінде қабылдайды.

Егер сақтандыру жағдайының басталуына байланысты деректер бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес қосымша тексеру тағайындалса, қылмыстық іс қозғалса немесе сот процесі басталса, тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін не төлеуге кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар жойылғанға дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруы мүмкін.

12.8. Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен жартылай немесе толық бас тартуға құқылы:

12.8.1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана әрекеттері;

12.8.2. заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана әрекеттері;

12.8.3. Сақтанушылардың (Сақтандырылушылардың, Пайда алушылардың) қызметі радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсерімен байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;

12.8.4. азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

12.8.5. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

12.8.6. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде және оған келтірілген зиян мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

12.8.7. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламалар/уақтылы хабарламау. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету дерегі (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетімен (мүмкіндігімен) тікелей байланысты (уәкілетті органға есептерді уақтылы және дұрыс ұсыну, сақтандыру төлемі үшін резервтік сомаларды уақтылы қалыптастыру, қайта сақтандырушыны хабардар ету және т.б.). Тиісінше Тараптар Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу соңғысын сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкіндігінен айыратынын және бұл сақтандыру жағдайы басталған кезде қосымша дәлелдемелерді талап етпейтінін түсінеді.

12.8.8. Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауы;

12.8.9. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____»_____ж. «_____»_____ж. «_____»_____ж. «_____»_____ж. «_____»_____ж. «_____»_____ж.

Әзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____»_____ж.

Сақтандырушыға беруден бас тартуы негіз болып табылады. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

12.9. Сақтандырушыны осы бапта көзделген оның заңсыз іс-әрекеттері себептері бойынша Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

12.10. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы шешімді 15 жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға немесе Пайда алушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жазбаша нысанда жібереді.

13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

13.1. Келесі жағдайларда сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады:

- 1) шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 2) шартты мерзімінен бұрын тоқтату;

13.2. Сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі қызметін тоқтатқан кезде;
- 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушы оны алмастырмаған кезде оның қайтыс болуы (ҚР АҚ 815-бабы 8 тармағы);
- 3) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;
- 4) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.
- 6) Сақтанушының бастамасы бойынша;
- 7) толық сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде;
- 8) Сақтанушы сақтандыру шартында/полисінде белгіленген тәртіптер мен мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлемеген жағдайда Сақтандырушының қалауы бойынша.
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

13.3. Сақтандыру шарты оның қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде анықталған күні сағат 24.00-де тоқтатылады.

Егер мерзімінен бұрын бұзу 13.2-тармағының 4), 8)-9)-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлардан туындаса, сақтандыру шарты көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен тоқтатылады.

13.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлар туындағаннан кейін мүдделі тарап (Сақтанушы немесе Сақтандырушы) екінші Тараптың атына сақтандыру шарты туралы мәліметтерді, бұзу негіздерін көрсете отырып және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, мерзімінен бұрын тоқтату туралы хат жібереді.

13.5. 13.2-тармағының 1) -6)-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтару сомасын есептеуді мынадай формула бойынша жүргізеді:

СС (төленген сақтандыру сыйақысы) – СС (ұсталған сақтандыру сыйақысы) – Іс жүргізу шығындары – Сақтандыру төлемдерінің сомасы

М.Н.Юрас

Ю.А. Миндубаев

С.Ю.Силищева

И.В.Югай

М. Ж.Жунусов

Д.А.Малинов

«_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ж.

Сақтандырушының іс жүргізу шығындарының мөлшері сақтандыру шартының бұзылуына байланысты қайтарылуға жататын сақтандыру сыйақысының бір бөлігінің 30%-ын құрайды.

Ұсталған сақтандыру сыйақысын Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне күндермен (басталған күннен бастап оны тоқтатқан күнге дейін) тура пропорционалды түрде есептейді. Бұл ретте Сақтанушының жазбаша өтініші келіп түскен күн сақтандыру шарты тоқтатылған күн болып саналады.

13.6. Сақтандырушының бастамасы бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтандыру шарты офертаның 13.5-тармағында көзделген тәртіппен бұзылады.

Егер Сақтандырушының талаптары Сақтанушының сақтандыру шартының талаптарын орындамауына/тиісінше орындамауына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтармайды.

14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР

14.1. Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған немесе денсаулығы зақымданған жағдайда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі кезінде Сақтандырылушы, Сақтанушы немесе Пайда алушы келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға (тұлғаларға) кері талап қою құқығын (уәкілетті органдардың) жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға барлық қажетті құжаттарды беруге міндетті.

14.2. Егер Сақтандырылушы, Сақтанушы немесе Пайда алушы уәкілетті органдар ұсынатын қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартса немесе суброгацияны жүзеге асыру сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойған тұлғалардың кінәсінен қажет болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүргізу міндетінен босатылады.

14.3. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде телнұсқа береді.

14.4. Сақтандыру шартының телнұсқасы жоғалған жағдайда оны рәсімдеу кезінде Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығындарын Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге келмеген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шешіледі.

16 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ.

16.1. Сақтандыру шартына (офертаны қоспағанда) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін.

16.2. Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту екінші тарап өтініш алған күннен бастап бес күн ішінде тараптардың бірінің өтініші негізінде Сақтанушы мен Сақтандырушының екі жақты келісімі бойынша жүргізіледі және тараптардың қосымша келісімімен рәсімделеді.

16.3. Егер қандай да бір тарап сақтандыру шартына өзгертулер енгізуге қарсы болса, сақтандыру шартының бұрынғы талаптармен қолданылуы туралы немесе оның қолданылуын тоқтату туралы мәселе бескүндік мерзімде шешіледі.

16.4. Тараптардың бірінің өтінішін алған күннен бастап сақтандыру шартының 16.1 және 16.2-тармақтарынан туындайтын шешімді қабылдаған күнге дейін сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылуын жалғастырады.

М.Н.Юрас Ю.А. Миндубаев С.Ю.Силищева И.В.Югай М. Ж.Жунусов Д.А.Малинов

«_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж. «_____» _____ ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ ж.



М.Н.Юрас Ю.А. Миндубаев С.Ю.Силищева И.В.Югай М. Ж.Жунусов Д.А.Малинов

«_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж. «_____» _____ж.

Өзірлеген: Ж. Ж.Кусшибекова «_____» _____ж.